**2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
67-қосымша

ЕСКЕРТУ. 67-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі
**2003** жылға арналған "Әкімшілік шығыстар"
001 республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 4199778 мың теңге (төрт миллиард бір жүз тоқсан тоғыз миллион жеті жүз жетпіс сегіз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурызындағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі "Штаттық сан лимиттерін бекіту туралы" N 314 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратына және шетелдегі мекемелеріне жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (Женева қаласындағы Штаб-пәтері) кіруінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өкілінің аппаратын ұстау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының, Қазақстан Республикасы өкілдігінің тұжырымдамалары мен негізгі бағыттарын әзірлеу. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты және басқа елдердегі аппаратын (елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар) қаржыландыру, сондай-ақ Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру мәселелері жөніндегі Женева қаласындағы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің өкілін қаржыландыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

001 Әкімшілік
шығыстар
001 Орталық Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
орган ликасының Сыртқы ішінде Республика.
аппараты істер министрлік. сының Сыртқы
тің бекітілген істер
штаттық санының министрлігі
лимитіне сәйкес
299 адам орталық
аппаратты ұстау.
004 Басқа Басқа елдердегі
елдердегі Қазақстан Респуб.
органдардың ликасының Сыртқы

аппараттары істер министрлігі
(елшіліктер, органдарының 56
өкілдіктер, аппаратын
дипломатиялық (елшіліктер,
миссиялар) өкілдіктер,
дипломатиялық
миссиялар) 511
бірлік бекітілген
штаттық санына
сәйкес, сондай-ақ
Женева қаласындағы
Дүниежүзілік Сауда
Ұйымы мәселелері
жөніндегі бойынша
оған жүктелген
функциялардың
орындалуы мақсатында
1 бірлік тұрақты
өкілдікті ұстау.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: орталық аппаратына және басқа елдердегі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі органдарының аппаратына (елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар), сондай-ақ Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру мәселелері жөніндегі Женева қаласындағы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің өкіліне жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
68-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау"**
**006 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 201894 мың теңге (екі жүз бір миллион сегіз жүз тоқсан төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы "Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Елшілігін орналастыру үшін Брюссельде Қазақстан Республикасының меншігіне ғимарат сатып алу туралы" N 893 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қазандағы "Вашингтонда (Колумбия округі) АҚШ Қазақстан Республикасының меншігіне жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу туралы" N 1431а қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1222-73 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Республикалық бюджеттің мақсаты: Қазақстан Республикасының меншігіне шет елде бұрын сатып алынған жылжымайтын мүліктер үшін қарыздарды өтеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының өз меншігіне Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландияда, Бельгия Корольдігінде жылжымайтын мүліктер сатып алу жөніндегі өткен жылдардағы міндеттемелерін орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 006 Өткен жылдар. Жыл Қазақстан

дың міндет. ішінде Республика.

темелерін сының Сыртқы

орындау істер

министрлігі

030 Қазақстан Рес. Қазақстан Респуб. және оның

публикасының ликасының менші. шетелдік

меншігіне гіне жылжымайтын мекемелері

жылжымайтын объектілерді

объектілерді сатып алу үшін

сатып алу алынған Америка

үшін алынған Құрама Штаттарында

несиені өтеу (Вашингтон қаласы);

жөніндегі Ұлыбритания
міндеттемеле. Біріккен Король.
рін орындау. дігінде және
Солтүстік Ирлан.
дияда (Лондон
қаласы); Бельгия
Корольдігінде
(Брюссель қаласы)
несиені өтеу
жөніндегі Қазақстан
Республикасының
міндеттемелерін
орындау.
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша төлемдерді уақытылы өтеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
69-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау"**
**010 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 21672 мың теңге (жиырма бір миллион алты жүз жетпіс екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын құру туралы" N 1102 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университеті" мен "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын

қайта ұйымдастыру туралы" N 1589 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Халықаралық қатынастар саласындағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету және орталық аппарат қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Төтенше және Өкілетті Елшілердің және халықаралық қатынастар саласындағы қызметкерлердің біліктілігі мен даярлығын арттыру және орталық аппарат қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1. 010 Кадрлардың
біліктілігін
арттыру және
қайта даярлау
2. 005 Мемлекеттік Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
қызметкерлер. ликасы Сыртқы ішінде Республика.
дің білікті. істер министрлі. сының
лігін арттыру гінің қызметкер. мемлекеттік
лерін негізгі қызмет
жұмыстарынан қол жөніндегі
үздірмей білікті. агенттігі
лігін арттыру
жөніндегі курстар
жүргізу Тыңдаушы.
лардың жылдық
орта саны - 120-ға
дейін.
3. 030 Мемлекеттік Бекітілген жоспарға Жыл Қазақстан

функцияларды сәйкес тақырыптық ішінде Республика.
орындау үшін лекциялар, тәжіри. сының
кадрлардың белік және Сыртқы істер
біліктілігін семинарлық сабақтар, министрлігі
арттыру және сынақтар мен
қайта даярлау емтихандар өткізу.
Дипломатиялық
академияда
өндірістен қол үзіп
оқитын тыңдаушылар.
дың орташа жылдық
саны - 30 тыңдаушыға
дейін.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: сыртқы саяси қатынастар саласындағы білікті мамандар деңгейін көтеру, кәсіби даярланған және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында өздеріне жүктелген функцияларды тиімді орындап жүрген қызметкерлер қатарының өсе түсуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
70-қосымша

ЕСКЕРТУ. 70-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"ТМД-ның жарғылық және басқа да органдарына қатысу"**
**030 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 244259 мың теңге (екі жүз қырық төрт миллион екі жүз елу тоғыз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1991 жылғы 21 желтоқсандағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы" Алматы Декларациясы, 1992 жылғы 6 шілдедегі "Экономикалық Сот жөніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы" ережесі ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің келісімі, 1996 жылғы 12 көкектегі "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын Үкіметаралық статистикалық комитеті жөніндегі Ереже туралы" үкімет басшылары Кеңесінің шешімі, 2001 жылғы

29 қарашадағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден бюджеттік қаражаты есебінен қаржыландырылатын ТМД органдарының бірыңғай бюджеті туралы" шешімі, 2001 жылғы 14 қыркүйектегі Үкіметаралық Кеңестің " Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың 2002 жылға арналған бюджеті туралы" шешімі, 2002 жылғы 25 наурыздағы Парламентаралық Ассамблея Кеңесінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қызметін қаржыландыру туралы" қаулысы, 1993 жылғы 2 наурыздағы ТМД мемлекет басшыларының "Мұнай және газ жөніндегі Мемлекетаралық Кеңесін құру туралы" келісімі, 1994 жылғы 9 қыркүйектегі ТМД мемлекет басшыларының " Химия және мұнайхимия жайындағы ынтымақтастық туралы" келісімі, 1997 жылғы 28 ақпандағы Орталық Азия мемлекет басшыларының "Аралды қорғау Халықаралық қаражат қорын құру туралы" шешімі, ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің "2001-2005 жылдарға Мемлекетаралық соғыс ардагерлеріне, локальдық қақтығыстарға және терроризм құрбандығына қатысқандарға жинақтық бағдарлама туралы" шешімі, 2001 жылғы 15 маусымдағы "Шанхай ынтымақтастық ұйымын" құру туралы Декларация, 2001 жылғы 8 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1418 "Еуразиялық экономикалық қауымдастықтағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілін және оның аппаратын материалды-техникалық жабдықтау және қаржыландыру сұрақтары" қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 желтоқсандағы "Б.С. Сарсеков туралы" N 1302 қаулысы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдары жанындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұрақты өкілетті өкілдерінің болуы мен қызметіне арналған шығыстарды қаржыландыру тәртібі туралы" ТМД үкіметтері басшылары Кеңесінің 2002 жылғы 30 мамырдағы шешімі.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық мәселелерді шешудің тиімділігін арттыру мақсатында ТМД мемлекеттерімен ынтымақтастығын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ТМД-ның жарғылық және өзге де органдарын ұстауға және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі мен оның аппаратын ұстауға арналған Қазақстан Республикасының кіру және үлестік жарналарын төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
```

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1. 030 ТМД-ның
жарғылық және
басқа да
органдарына
қатысу
2. 030 ТМД-ның ТМД-ның жарғылық Жыл Қазақстан
жарғылық және және өзге де ішінде Республика.
басқа да органдарын ұстауға сының
органдарына арналған Қазақстан Сыртқы істер
үлестік Республикасының кіру министрлігі
жарналар және үлестік
жарналарын төлеу -
19 органдар.
3. 031 Қазақстан Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
Республика. ликасының ішінде Республика.
сының Еуразиялық сының Сыртқы
Еуразиялық экономикалық істер
экономикалық қоғамдастық министрлігі,
қоғамдастық жанындағы Қазақстан
жанындағы Тұрақты өкілін Республика.
Тұрақты және оның сының
Өкілінің аппаратын ұстау. Еуразиялық
аппаратын Бекітілген штаттық экономикалық
ұстау саны 5 бірлікті қоғамдастық
құрайды. жанындағы
Тұрақты
өкілінің
аппараты

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретінде аймақтық және ғаламдық проблемаларды шешуге қатысуы, ТМД мемлекеттерімен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды дамыту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

71-қосымша

ЕСКЕРТУ. 71-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**"Халықаралық ұйымдарға қатысу"**

**031 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 857944 мың теңге (сегіз жүз елу жеті миллион тоғыз жүз қырық төрт мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 31 қазандағы "Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы Жарғысына қосылуы туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы "Қосымша хаттаманың Дүниежүзілік почта одағы Жарғысына бекітілуі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 13 маусымдағы "Дүниежүзілік еңбек ұйымы Конвенциясының бекітілуі туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының жабайы флора және фауна сипаттағы халықаралық сауда Конвенциясына қосылуы туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 197 "Білім, ғылым және мәдениетке байланысты мәліметтерді және оларға хаттамаларды тасып әкелу Келісімін бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 маусымдағы "Химиялық қаруды істеуге, өндіруге, жинақтауға және пайдалануға тыйым салу және оны құрту жөніндегі Конвенцияны бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 240 "Экономикалық ынтымақтастық Ұйымының, ел-мүшелерінің өкілдіктері мен халықаралық қызметкерлердің заңды мәртебесі жөніндегі Келісімді бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 қазандағы "Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының транзиттік сауда жөніндегі 1995 жылдың 15 наурызында Исламабадта қол қойылған Келісімін бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 10 сәуірдегі N 176 "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен БҰҰ Балалар қоры арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Негізгі келісімді бекіту туралы" Заңы , "Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі "БҰҰ босқалғанмен күресу Конвенциясын бекіту туралы Заңы , 1997 жылғы 30 қазандағы "Қазақстан Республикасының озон қабаттарын қорғау жөніндегі Вена Конвенциясына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , 1995 жылғы 18 қазандағы N 2537 "Энергетикалық Хартия және Энергетикалық Хартияның энергетикалық тиімділікпен пен экологиялық аспектілермен бірге жүру Шартын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2344 "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық атомдық энергия және ядролық қаруды таратпау шарты жөніндегі байланыс гарантын пайдалану агенттігі туралы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2260 "БҰҰ климат өзгерістері жайындағы рамалық конвенциясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , 1993 жылғы 20 шілдедегі N 629 "Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік қылмыстық полициясына кіруіне байланысты іс-шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 1994 жылғы 4 наурыздағы N 244 "Қазақстан Республикасының Халықаралық теңіз ұйымы қамқорлығымен қабылданған теңіз ұйымы конвенциясына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 1994 жылғы 13 мамырдағы N 506 "Қазақстан Республикасының халықаралық азаматтық авиациясы қамқорлығымен қабылданған халықаралық конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 1994 жылғы 25 наурыздағы N 26-15/2164 "Халықаралық эпизоотикалық бюроға кіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы, 1993 жылғы 13 сәуірдегі N 296 "Дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйымы Конвенциясына қосылу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 2001 жылғы 25 тамыздағы N 1103 "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен БҰҰ білім, ғылым және мәдениет, ежелгі Отрар қаласын сақтап қалу, консервациялау жобасы жайындағы сұрақтарын қорытындылау Келісімі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067 "Қазақстан Республикасы Президентінің Түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ташкенттік Декларациясын іске асыру ЮНЕСКО жобасын және Дүниежүзілік Саяхат құрылымының Қазақстан Республикасында, Ұлы Жібек жолында саяхат инфрақұрылымын ұйымдастыру шарттарын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , 1995 жылғы 24 мамырдағы N 737 "ТЮРКСОЙ-дың құрылымы және жұмыс істеу қағидалары жөніндегі Шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 1993 жылғы 25 маусымдағы N 538 "Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының Парламентаралық Одағына кіру туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің қаулысы, 1994 жылғы 19 тамыздағы N 918 "Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлі және оның алған міндеттемелерінің орындалуын ұйымдастыру Конвенциясын мақұлдауы жөніндегі" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы , 1991 жылғы 21 желтоқсандағы "Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігі туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шешімі, 1992 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасының БҰҰ мүшелігін растау туралы" БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясының 46 қарары, 1992 жылғы 15 маусымдағы N 10921 "Дүниежүзілік Таможнялық Ұйымға кіру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің хаты, "Дүниежүзілік Почта Одағына кіру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің арызы, "

Халықаралық электрбайланыс одағына кіру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің арызы, 1992 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының мүшелігін растайтын ЮНЕСКО нотасы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттің бағдарламаның мақсаты: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық мәселелердің тиімді шешілуін арттыру мақсатындағы Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың қызметін қаржыландыруға қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 031 Халықаралық Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан

ұйымдарға ликасы мүшесі ішінде Республика.

қатысу болып табылатын сының Сыртқы

халықаралық істер

ұйымдарға кірістік министрлігі

және үлестік жарна

төлеу, қарызды

өтеу - 62 ұйым.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен тетіктерін қамтамасыз ету барысындағы аймақтық және ғаламдық бағдарламалардың шешілуіне Қазақстан Республикасының дүниежүзілік қоғамдастық мүшесі ретінде қатысуы. Шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен саясат, экономика, ғылым және мәдениет саласындағы көп жақты ынтымақтастықты дамыту және нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

72-қосымша

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**"Құжаттарды ресімдеу жөніндегі консулдық қызмет көрсетулер"**

**035 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысын бекіту туралы" N 217 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері " атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларының құқықтық және мүддесін қорғау, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарды дамытуына жәрдемдесу экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстарды және туризмді дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының аумағында және Алматы, Астана, Атырау, Орал, Өскемен қалаларының әуежайларындағы консулдық пункттерде консулдық қызметтерді орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 035 Құжаттарды Қызметтік ақы Жыл Қазақстан
рәсімдеу төлеу: ішінде Республика.
жөніндегі 1) 14500 виза сының Сыртқы
консулдық беру; істер
қызмет 2) визалық мәсе. министрлігі
```

көрсетулер лелер бойынша
құжаттардың
бастапқы өңдеуге
(шетелдік елші.
ліктердің анкета.
ларын толтыру
және тәржімелеу);
3) ф-1 формулярын
ресімдеуге;
4) азаматтық алу,
шетелде тұрақты
тұруға қалдыру
жөніндегі матери.
алдарды ресімдеу
үшін құжаттарды
даярлауға,
әлеуметтік-құқықтық
сипаттағы құжат.
тарды сұратып алуға;
5) шетелге бару
және келу мәселелері
бойынша азаматтарға
консультациялар беру,
пошта - телеграф
қызметтерін
пайдалануға;
6) "консул" автомат.
тандырылған электрон.
дық жүйелерін бағ.
дарламалық қамтамасыз
етуге;
7) кеңселік тауарлар,
бланк өнімдерін
сатып алу;
8) әртүрлі қызметтік,
дипломатиялық
паспорттардың
анықтамасын ресімдеу.
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы аумағында және Алматы, Астана, Атырау, Орал, Өскемен қалаларының әуежайларындағы консулдық пункттерінде консулдық қызметтерді шапшаң орындау және республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне консулдық алымдардың түсуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
73-қосымша

ЕСКЕРТУ. 73-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Мемлекеттік шекараны делимитациялау"**
**039 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 63241 мың теңге (алпыс үш миллион екі жүз қырық бір мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 542 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығы және шекараларының беріктігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны заңды ресімдеу, халықаралық құқық нормаларына сәйкес шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны делимитациялау мәселесі бойынша келіссөздер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
```

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 039 Мемлекеттік Жыл Қазақстан
шекараны ішінде Республика.
делимитациялау сының Сыртқы
істер
030 Мемлекеттік Топографиялық министрлігі
шекараны карталарды жаңарту,
делимитация. ұзақтығы 2500 км
лау құрайтын мемле.
кеттік шекараның
өту сызығын
сипаттау және оны
топографиялық
картаға түсіру
жұмыстарына ақы
төлеу.
3. 031 Мемлекеттік Мемлекеттік
шекараны шекараны
делимитация. делимитациялау
лау туралы мәселелері бойынша
келіссөздер келіссөздер
жүргізу жүргізу үшін
кездесулер ұйым.
дастыру, іссапарлық
және өкілдік
шығыстары.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: екі жақты келісімдердің хаттамалық шешімдерімен бекітілген, сондай-ақ көршілес мемлекеттермен қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес мемлекеттік шекараның нақты сипаттамасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
74-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Мемлекеттік шекараны демаркациялау"**
**040 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 55 238 мың теңге (елу бес миллион екі жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 542 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын және шекаралық беріктігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шекара сызықтарын шекаралық белгілермен бекіту, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны демаркациялау мәселесі бойынша келіссөздер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 040 Мемлекеттік Жыл Қазақстан

шекараны ішінде Республика.

демаркациялау сының

Сыртқы істер

030 Мемлекеттік 1. Жұмыстарды министрлігі

шекараны жүргізудің техни.

демаркациялау калық жобасын

жасау.

2. Мемлекеттік

шекара сызығын

120 шекаралық

белгілермен
бекіту.
3. Шекаралық
белгілер коорди.
наттары мен
биіктіктерін
бақылаулық
анықтама жүргізу
арқылы далалық
жұмыстарды
техникалық
қабылдау
3. 031 Мемлекеттік Шектес тараппен
шекараны демаркациялау
демаркациялау мәселелерін келісу
жөнінде жөнінде іссапарлық
келіссөздер және өкілдік
жүргізу шығыстары.
---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының мемлекетті шекара сызығын шекаралық белгілермен қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес бекіту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
75-қосымша

ЕСКЕРТУ. 75-қосымша өзгерді- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған "Шетелдік іссапарлар"**
**041 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 378000 мың теңге (үш жүз жетпіс сегіз миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі "Республикалық бюджетте 041 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі туралы" N 410 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Республикалық бюджеттің мақсаты: Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының шетелдік сапарларына байланысты іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының ресми делегацияларының шетелдік сапарларға жіберілген лауазымды адамдарын іссапарлық шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

--------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

--------------------------------------------------------------

1. 041 Шетелдік Мемлекеттік ор. Жыл Қазақстан

іссапарлар гандар мен үкімет. ішінде Республика.

тік делегациялар. сының

дың лауазымды Сыртқы істер

адамдарын шетелге министрлігі

іссапарға жіберуге

байланысты

шығыстарын өтеу.

Ерекше жағдайларда

литерлік рейстерге

ақы төлеу <*>

--------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Шет мемлекеттермен достық қатынастарды қолдау және дамыту, сондай-ақ сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, және мәдени қатынастарды дамыту, шетелге мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен үкіметтік делегациялардың жоғары деңгейде ұсынылуы жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

76-қосымша

ЕСКЕРТУ. 76-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған "Өкілдік шығындар"**

**042 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 224935 мың теңге (екі жүз жиырма төрт миллион тоғыз жүз отыз бес мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік протоколын бекіту туралы" N 173 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы "2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" N 377 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Республикалық бюджеттің мақсаты: Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және атқару органдарының өкілдік іс-шараларды өткізуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасында ресми делегациялар қабылдауларын, жиналыстар мен семинарларды, салтанатты іс-шараларды өткізу, сондай-ақ Президенттің, Премьер-Министрдің және Мемлекет хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Министрдің шетелдерге ресми сапарлары кезіндегі өкілдік шығыстар.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
1. 042 Өкілдік Шетелдік делега. Жыл Қазақстан
```

шығындар цияларды қабыл. ішінде Республика.
дауға, кеңестер сының
мен семинарларға, Сыртқы істер
салтанатты министрлігі
жиындарға,
сондай-ақ Прези.
денттің, Премьер
-Министрдің және
Мемлекет хатшысы
- Қазақстан
Республикасының
Сыртқы істер
министрлігінің
Министрдің,
шетелдерге ресми
сапарларға шығуына
қатысты өкілдік
шығыстарға
байланысты ресми
өкілдік іс-
шараларды өткізуді
ұйымдастыру.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: іс-шараларды келген делегациялардың мәртебесіне сәйкес тиісті деңгейде өткізу және достық қарым-қатынастарды қолдау, сыртқы саясат ынтымақтастығын нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
77-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Шетелдік мекемелермен байланыс ұстау"**
**044 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 35739 мың теңге (отыз бес миллион жеті жүз отыз тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері " атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін ақпараттық және басқа да материалдарды Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне және Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік өкілдіктерге беру және олардан сапалы, шапшаң айырбас ақпарат алу кезінде телекоммуникациялық байланыс түрін пайдалануды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерімен және Қазақстан Республикасындағы тіркелген шетелдік дипломатиялық өкілдіктерімен айырбас ақпарат алу кезінде сапалы да шапшаң телекоммуникациялық қызметті пайдалану және тиімді қызмет жасау үшін тиісті жағдайлар туғызу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1. 044 Шетелдік Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан

мекемелермен ликасы Сыртқы ішінде Республика.

байланыс істер министрлігін сының

ұстау телекоммуникация. Сыртқы істер

лық байланыс министрлігі

түрлерімен

қамтамасыз ету,

соның ішінде:

Қазақстан Респуб.

ликасының шетелдік

51 мекемелерімен

және Қазақстан

Республикасында
тіркелген шетелдік
дипломатиялық
өкілдіктерімен:
1) электрондық
байланыс (WWW
ақпаратын сақтау,
WEB және DNS
серверлерін,
виртуалды доменді
ұстау);
2) факсимильдік
байланыспен
қамтамасыз ету;
3) қала және
халықаралық телефон
байланысы;
4) абоненттік төлем
және қызмет
көрсету, ұялы
байланысқа шығу;
5) пошта-телеграфтық
қызметтер;
6) интернет
қызметтері;
7) Электрондық пошта
жүйесі үшін
жабдықтар және
жеткілікті
бағдарлама сатып
алу;
8) телекоммуникациялық
байланыс арналарын
жалдау.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен оның шетелдік мекемелерімен, Қазақстан

Республикасындағы шетелдік өкілдіктермен сапалы және өз уақтылы ақпараттық айырбас, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нәтижелі қызметіне қажетті жағдай жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
78-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Ұлттық имидждік стратегияны іске асыру"**
**046 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 153520 мың теңге (бір жүз елу үш миллион бес жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңының 5, 6 баптары, 1998 жылғы 30 қыркүйектегі " Елдегі ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: қоғамды демократияландыру, жаңа жүзжылдықтағы экономикалық және саяси реформа туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықаралық сахнада Қазақстан Республикасының оң сипатты имиджін қолдау үшін жағдайлар жасайтын шаралар кешенін жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: еліміздің ішіндегі және шет елдегі ақпараттық-насихаттық қызметін жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасының имидждік стратегиясы бағыттарын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
----------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
----------------------------------------------------------------
```

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 046 Ұлттық 1. әлеуметтік Жыл Қазақстан
имиджділік зерттеулер жүргізу ішінде Республика.
стратегияны - 4 іс-шараға сының
іске асыру дейін; Сыртқы істер
2. Шетелдік баспа. министрлігі
сөзге электрондық
бұқаралық ақпарат
құралдарына Қазақ.
стан Республикасы
туралы айқындама
материалдар, басым
сипатта: АҚШ,
Германия,
Ұлыбритания,
Франция, Ресей
Федерациясы және
т.б. (очерктер,
мақалалар, сөз
сөйлеулер, сұхбаттар,
бейнефильмдер,
бейнеочерктер)
әзірлеу және
үлестіру - 12 дейін;
3. Ішкі және сыртқы
саясаттың көкейкесті
проблемалары бойынша
халықаралық
конференциялар мен
семинарлар өткізу
- 4 конференция;
4. Халықаралық форум
"Евразиялық Медиа
Форум" өткізілуіне
қатысу осыған ілеспе
ақпарат конференция.
ларын, брифингтер
300-ден аса басшылар

және Евразиялық
ақпараттың жетекші
журналистерін жалпы
ұлттық ақпарат
құралдарын қатыстыру
- 1 іс-қимыл;
5. Қазақстан Респуб.
ликасының жетістік.
терін насихаттау
мақсатында халықаралық
конференцияларға,
семинарларға қатысу,
шетелдерде ашық
лекциялар оқу - 5 мәрте
қатысуға дейін;
6. Қазақстан Респуб.
ликасының шетелдік
мекемелері үшін
Қазақстан туралы
суреткөрмелер
материалдарын әзірлеу
- 50 жиынтық
(32-35 суреттер);
7. имидждік журналын
қазақ, ағылшын, орыс
тілдерінде шығару - 1
журнал (әр тілде 1000
данадан);
8. Шет елдерде тарату
үшін халықаралық
тақырыптар бойынша
қазақ, ағылшын, орыс
тілдерінде тоқсан
сайынғы журнал шығару
- 4 журнал (1500
данадан);
9. Қазақстан Респуб.
ликасы Сыртқы істер
министрлігінің

корпоративті деректер
базасын тұрақты
негізде қалыптастыру
және қолдау - күнбе
күн ақпараттық
қамтамасыз ету;
(REUTERS, ИТАР-ТАСС
және т.б.);
10. Ішкі және сыртқы
саясат облысындағы
Қазақстан Республика.
сының жетістіктерін
насихаттау мақсатында
ғылыми зерттеу
басылымдарын, талдағыш
журналдарын, имидждік
суретальбомдарын,
кітап шығару - 20
данаға дейін;
11. Имидждік бағытта
шетелдерге кітап,
суретальбомдар және
басқа баспа өнімдерін
сатып алу және жіберу
- әрдайым;
12. Қазақстан Респуб.
ликасының ішкі және
сыртқы саясатына,
Қазақстан Республика.
сының геосаяси
периметріндегі
мемлекеттердегі
оқиғаларға, сонымен
қатар АҚШ, Европа,
АТР арналған жылдам
ретті басылым
деректерін шығару:
пресс-релиз 52 данаға
дейін; дайджест -

12 данаға дейін;
бюллетень - 4 данаға
дейін; мақала -
әрдайым;
13. Басқа елдерге
Қазақстан Республика.
сының экономикасы,
тарихы және мәдениеті
туралы шет тілінде
бейне таспалар,
компакт-дискілерін
өндіру және жіберу;
14. Қазақстан Респуб.
ликасы Сыртқы істер
министрлігінің
имидждік бағыттағы
Веб-сайтын құру және
қалыптастыру,
дизайнын, тұжырым.
дамаларын әзірлеу,
тұрақты негізде
жаңарту, сондай-ақ
имидждік сипаттағы
басқа-да іс-шаралар;
15. Қазақстан Респуб.
ликасы туралы оң
сипаттағы имидждік
бағытқа басқа да
іс-қимылдар.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелері: шет мемлекеттердің қоғамдық пікірінде Қазақстан Республикасының демократиялық саяси жүйесі, ұлтаралық татулық, дамыған азаматтық қоғам институттары жүйесі, еркін баспасөзі, ғылым мен білім берудің жоғары тиімді жүйесі, көне мәдениеті бар осы заманғы экономикалық тұрғыдан серпінді және жоғары дамыған құқықтық мемлекет ретіндегі және т.б. берік оң имиджін жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

79-қосымша

ЕСКЕРТУ. 79-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Визалық жапсырмаларды әзірлеу"**
**051 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 79427 мың теңге (жетпіс тоғыз миллион төрт жүз жиырма жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" атты Қаулысы, 2003 жылғы 5 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының Кеден кодексі.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық және консулдық мекемелерін визалық жапсырма бланкілерімен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: осы заманғы халықаралық стандарттарға сай қорғаудың жоғарғы дәрежесіндегі визалық жапсырмаларды әзірлеу және есепті автоматтандыру, визалық жапсырмалар мен жабдықтарды кедендік ресімдеуге арналған кедендік төлемдер мен салықтардың төлемі үшін жабдық сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 051 Визалық Бірыңғай үлгілі Жыл Қазақстан
жапсырмаларды визалық жапсырма. ішінде Республика.
әзірлеу ларды әзірлеу, сының
Қазақстан Респуб. Сыртқы істер
ликасының ішкі министрлігі
істер министрлі.

гінің құрылым
бөлімшесінің
қосушылығымен
бірыңғай
ақпараттық
"Бүркіт" жүйесін
енгізу іс-
әрекетін іске
асыру.
Визалық
жапсырмаларды
толтыру үшін
арнайы
жабдықталған
принтерлер
(жинақтаушы және
қосалқы
бөлшектерімен
бірге) және
бағдарлама өнімін
сатып алу - 70
дана.
визалық жапсырмалар
мен жабдықтарды кедендік
ресімдеуге арналған кедендік
төлемдер мен салықтардың
төлемі
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: бірыңғай үлгілі визалық жапсырмаларды енгізу, шетел азаматтарын Қазақстан Республикасының аумағына келген мезгілін автоматтық есепке алуы мен қадағалауын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
80-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік протокол қызметін байланыс құралдарымен қамтамасыз ету" 052 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 900 мың теңге (тоғыз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік протоколын бекіту туралы" Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік протоколының протоколдық іс-шараларды жүргізу кезінде жұмыстарының шапшаңдығын арттыруға жағдай жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік протоколын қызметін байланыс құралдарымен жабдықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 052 Мемлекеттік 1. Транкингті Жыл Қазақстан
протокол радиобайланыс ішінде Республика.
қызметін станциясын 5 дана, сының
байланыс радиобайланыс үшін Сыртқы істер
құралдарымен сөйлесу құрылымының министрлігі
қамтамасыз 10 бірлігін
ету (микрофон құлақшы.
нымен) сатып алу;
2. Байланыс қызме.
тінің ақысын төлеу:
транкингті
байланыс;
ұялы байланыс - ай
сайынғы берілген

телефон номерлеріне

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелері: протоколдық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында шапшаңдықты арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
81-қосымша

ЕСКЕРТУ. 81-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Халықаралық пошта байланысының қызметіне ақы төлеу"**
**054 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 42646 мың теңге (қырық екі миллион алты жүз қырық алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы "Үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарларды жеткізу туралы " N 1581 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне және оның шетелдік мекемелеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарлардың жеткізілуі кезінде шапшаңдығын әрі кепілді түрде сақтандырылуын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және оның шетелдік мекемелерінің мемлекеттік және дипломатиялық хат-хабарларын жіберу, жеткізу кезінде сапалы және шапшаң қызмет көрсету, халықаралық пошталық байланыс қызметтеріне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық курьерлерінің іссапарлық шығыстарына ақы төлеу .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 054 Халықаралық Жыл Қазақстан
пошта ішінде Республика.
байланысының сының
қызметіне Сыртқы істер
ақы төлеу министрлігі
және оның
2. 030 Халықаралық Үкіметтік және шетелдік
пошта дипломатиялық мекемелері
байланысының хат-хабарды
қызметіне жеткізу қызметіне
ақы төлеу ақы төлеу, оның
ішінде: Қазақстан
Республикасының
Сыртқы істер
министрлігі мен
оның шетелдік
мекемелерінің
дипломатиялық және
үкіметтік жүктері.
Сақтау, өлшеу
және мемлекеттік,
дипломатиялық
корреспонденция.
ларды тексеру
үшін арнайы
жабдықтар сатып
алу.
3. 031 Қазақстан Қазақстан Респуб.
Республика. ликасы Сыртқы
сының істер министрлігінің
шетелдік шетелдік 56 мекеме.
мекемелеріне сіне үкіметтік және
үкіметтік дипломатиялық хат

және -хабарларды
дипломатиялық жеткізуге байланысты
хат-хабарлар. Қазақстан Республи.
ды жеткізуді касы Сыртқы істер
қамтамасыз министрлігінің
ету дипломатиялық
курьерлерінің
іссапарлық
шығыстарына ақы
төлеу.
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және оның шетелдік мекемелерінің үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарларын шапшаң және кепілді, амандық түрде жеткізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
82-қосымша

ЕСКЕРТУ. 82-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Қызметкерлердің ұзақ мерзімді шетелдік іссапар кезіндегі медициналық сақтандыруы" 055 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 135205 мың теңге (бір жүз отыз бес миллион екі жүз бес мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы "Қазақстан Республикасының шетелдегі қызметшілерінің еңбек жағдайы туралы ережелерін бекіту туралы" N 577 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметкерлерінің және олардың жанұясының ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық қызметкерлеріне және олардың жанұясына ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда қажетті медициналық көмек үшін қаржылай жәрдем көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1. 055 Қызметкерлерді Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан

ұзақ мерзімді ликасының шетел. ішінде Республика.

шетелдік дегі дипломатиялық сының

іссапар қызметкерлерінің Сыртқы істер

кезінде және жанұясының министрлігі

медициналық заңнамаларға сәйкес және

сақтандыру сақтандыру компа. Қазақстан

нияларымен шарттар Республика.

жасасу, тұрақты сының

медициналық қызмет шетелдік

көрсетулер және мекемелері

консультациялар алу

-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық қызметкерлеріне және олардың жанұяларына ұзақ мерзімді шетелдік іссапары кезінде сапалы медициналық қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

83-қосымша

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік протоколының**
**атқарылуын қамтамасыз ету"**
**057 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 25 000 мың теңге (жиырма бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік протоколын бекіту туралы" N 173 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 12 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен өкілеттігі туралы" N 824 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік протокол қызметін және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мемлекет ішіндегі және халықаралық протоколды іс-шаралар өткізу үшін бейнелеуші және декоративті-қолданбалы кәдесыйлық бұйымдарымен және ұлттық безендірулермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік протоколының орындалуы үшін бейнелеуші заттарды және декоративті-қолданбалы жасанды, кәдесыйлық бұйымдарды және басқа да заттарды сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1. 057 Қазақстан Мемлекеттік про. Жыл Қазақстан

Республикасы токол қызметін ішінде Республика.

Мемлекеттік қамтамасыз ету сының

протоколының үшін бейнелеуші, Сыртқы істер

атқарылуын декоративті министрлігі,

қамтамасыз жасанды қолданбалы Қазақстан
ету кәдесыйлық және Республика.
басқа да бұйымдар сының
сатып алу: шетелдегі
- кітаптар, мекемелері
альбомдар,
открыткалар - 1500
данаға дейін;
- суреттер - 150
данаға дейін;
- зергерлік
бұйымдар, сағаттар
- 500 данаға дейін;
- ұлттық кәдесый.
лардың түр-түрі -
2500 данаға дейін;
ұлттық киім - 200
данаға дейін;
- тоқыма бұйымдары
- 50 данаға дейін;
- темір іздегіш - 3
данаға дейін;
- және басқа да
ескерткіш сыйлықтар.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелері: Қазақстан Республикасының мемлекетішілік және халықаралық протоколдық іс-шараларын өткізудің халықаралық тәжірибесі мен ережелерін сақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
84-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

РҚАО-ның ескертуі: "Қызметтік пайдалану үшін" белгісімен 84-қосымшасы Деректер базасына енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

85-қосымша

ЕСКЕРТУ. 85-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**"Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық өкілдіктерін материалдық-техникалық жабдықтандыру"**

**201 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 218324 мың теңге (екі жүз он сегіз миллион үш жүз жиырма төрт мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы" Заңының 24-бабы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы "Қазақстан Республикасының шет елдегі қызметшілерінің еңбек жағдайы туралы ережені бекіту туралы" N 577 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Республикалық бюджеттің мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріне материалды-техникалық базасын нығайту үшін жағдай туғызу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерін материалдық-техникалық жабдықтау үшін негізгі құралдарды сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
```

1. 201 Қазақстан Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
Республикасы ликасының шет ішінде Республика.
Сыртқы істер елдегі дипломатия. сының
министрлігі. лық өкілдіктерін Сыртқы істер
нің шетелдегі материалдық- министрлігі
дипломатиялық техникалық және
өкілдіктерін жабдықтандыру: Қазақстан
материалдық- 1. Ұйымдастыру Республика.
техникалық техникасы - 94 сының
жабдықтандыру бірлікке дейін, шетелдік
оның ішінде: мекемелері
- көшірмелі
техника - 45
дана;
- факсимилдік
аспап - 23 дана;
компьютерлер - 26
жиынтық.
2. Жиһаз
жиынтықпен - 275
бірлікке дейін;
3. Жабдықтар - 46
бірлікке дейін,
оның ішінде:
- шөпшапқыш - 21
дана;
- электрогенера.
торлар - 15 дана;
- күзет жүйесі.
4. Тұтыну техникасы
- 63 бірлікке
дейін, оның
ішінде:
- кондиционерлер
- 28 дана;
шаңсорғыштар - 15
дана;
- электроплиталар
- 10 дана;

тоңазытқыштар - 10 дана.

5. Автокөлік - 47

бірлікке дейін. -----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базасын күшейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

86-қосымша

ЕСКЕРТУ. 86-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 86-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қарашадағы N 150n қаулысымен .

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**"Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін**

**орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу"**

**202 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1435002 мың теңге (бір миллиард төрт жүз отыз бес миллион екі мың теңге ). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 2 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы ережені бекіту туралы" N 832 Жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінің жылжымайтын мүлікті сатып алу, ұзақ мерзімді жалға алу, ғимараттар мен үйлерді салу, оларды ағымдағы және күрделі жөндеулерден өткізу тәртібі туралы ереже" атты N 1144 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: шет елдерде орналасқан Қазақстан Республикасы меншігіндегі жылжымайтын объектілердің тізбесін кеңейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шет елдерде дипломатиялық өкілдіктерді және тұрғын-жайларды әкімшілік тұрғыдан орналастыру үшін жылжымайтын объектілерді сатып алу және құрылыс жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 202 Қазақстан Рес. Швейцария Конфе. Жыл Қазақстан

публикасының дерациясында, ішінде Республика.

дипломатиялық Пакистан Ислам сының

өкілдіктерін Республикасында, Сыртқы істер

орналастыру Өзбекстан министрлігі

үшін шет елде Республикасында, және

жылжымайтын Қытай Халық Қазақстан

мүлік сатып Республикасында, Республика.

алу Түрік Республика. сының

сында әкімшілік шетелдік

ғимараттар, мекемелері

тұрғын жайлар,

жер телімдерін

сатып алу және

құрылыс объекті.

лерін жүргізу.

Шет елдегі

жылжымайтын

мүлікті сатып

алуға және

құрылысқа байла.

нысты қызмет

көрсетулерге ақы

төлеу. <*>

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: дипломатиялық өкілдіктерді өз меншігіндегі ғимараттарға орналастыру, әкімшілік ғимараттарын және тұрғын жайларды жалдап алуға арналған әкімшілік шығындарын қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына
87-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Елшіліктерге автокөліктер сатып алу"**
**204 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 70000 мың теңге (жетпіс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңының 24 бабы , Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 31 мамырдағы N 577 "Қазақстан Республикасының шетелдегі қызметшілерінің еңбек жағдайы туралы ережелерін бекіту туралы" қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Республикалық бюджеттің мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерін жұмыстарын іске асыру барысында лайықты автокөліктермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріне автокөліктер сатып алу үшін.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 204 Елшіліктерге Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
автокөліктер ликасының шетел. ішінде Республика.
сатып алу дегі дипломатия. сының
лық өкілдіктеріне Сыртқы істер
ауқымы 2000 кб.см. министрлігі

асатын жеңіл және оның
автокөліктер сатып шетелдік
алу - 25 дана. мекемелері
-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің автокөлік паркін жаңарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
88-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған "Шет елдерде орналасқан республикалық меншіктегі дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарын қайта құру және күрделі жөндеу" 301 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 88315 мың теңге (сексен сегіз миллион үш жүз он бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы ережені бекіту туралы" N 832 Жарлығы, 1996 жылғы 19 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінің жылжымайтын мүлікті сатып алу, ұзақ мерзімді жалға алу, ғимараттар мен үйлерді салу, оларды ағымдағы және күрделі жөндеулерден өткізу тәртібі туралы ереже" атты N 1144 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері:
республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін тиісті жағдайлар туғызу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шет елдерде орналасқан Қазақстан Республикасының меншігіндегі дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарын, жалға алынған және паритеттік негіздегі ғимараттарын қайта құру және күрделі жөндеуден өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
-------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
----------------------------------------------------------------
1. 301 Шетелдерде Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
орналасқан ликасының Австрия ішінде Республика.
Қазақстан Республикасындағы, сының
Республикасы Германия Федеративті Сыртқы істер
меншігіндегі Республикасындағы, министрлігі
дипломатиялық Венгрия Республика. және
өкілдіктер сындағы, Италия Қазақстан
ғимараттарын Республикасындағы, Республика.
жаңғырту және Қытай Халық Респуб. сының
күрделі ликасындағы (Үрімчі шетелдік
жөндеу қаласы) Елшіліктер. мекемелері
інің әкімшілік
ғимараттары мен
тұрғын үйлерін
күрделі жөндеулер.
ден өткізу;
Қазақстан құрылыс
бригадаларының
жалақы төлемі
және іссапарлық
қаражаты, соның
ішінде визаларды
ресімдеу (Қазақстан
құрылысшыларымен
шарттар жасасқан
жағдайда).
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметкерлерінің жұмысына қажетті жағдай жасау үшін және шет елдерде орналасқан Қазақстан Республикасының меншігіндегі дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының мәртебелік қалпын сақтап отыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
89-қосымша

ЕСКЕРТУ. 89-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік ғимараты құрылысын салу"**
**303 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1503000 мың теңге (бір миллиард бес жүз үш миллион теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы Есіл өзенінің сол жақ жағалауында әкімшілік ғимаратпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жаңа әкімшілік ғимараты құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 303 Астана қала. Белгіленген тәр. Жыл Қазақстан
сында Қазақ. тіппен мемлекеттік ішінде Республика.
стан Респуб. сараптама мен сынын
ликасы Сыртқы бекітуден өткен Сыртқы істер
```

істер мини. жобалық-сметалық министрлігі
стрлігінің құжаттамаға
әкімшілік сәйкес Қазақстан
ғимаратының Республикасы
құрылысын Сыртқы істер
салу министрлігінің
әкімшілік ғимара.
тының құрылысын
салу.
---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік ғимаратының құрылысын салуды аяқтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
90-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Астана қаласындағы дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсету объектілерінің құрылысын салу"**
**305 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 371 620 мың (үш жүз жетпіс бір миллион алты жүз жиырма мың) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дипломатиялық қалашықты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету, мұның өзі шетелдік дипломатиялық өкілдіктерді Астана қаласына көшіру тұжырымдамасын іске асырудың негізгі шарты болып табылады.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласында дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсету объектілерінің құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 305 Астана Белгіленген тәр. Жыл Қазақстан
қаласында тіппен мемлекет. ішінде Республика.
дипломатиялық тік сараптама сының
қалашыққа мен бекітуден Сыртқы істер
қызмет көрсету өткен жобалық- министрлігі
объектілер. сметалық құжат.
інің құрылысын тамаға сәйкес
салу Астана қаласында
дипломатиялық
қалашыққа қызмет
көрсету объекті.
лерінің құрылысын
салу:
- елшіліктер
кеңселері ғимарат.
тарының құрылысын
салу;
- 4 бақылау-өткізу
пункттерінің
салуды аяқтау;
- әкімшілік
ғимараттың,
технологиялық
қызмет көрсету
ғимаратының, 2
трансформаторлық
кіші станциялар
аумақтарын
абаттандыру,
көгалдандыру.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес дипломатиялық қалашық елшіліктерінің кеңселері ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі және 4 бақылау-өткізу пункттерін салуды аяқтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
91-қосымша
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың екінші кезектегі инженерлік жүйелерінің құрылысын салу"**
**306 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1 700 000 мың (бір миллиард жеті жүз миллион) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықты инженерлік тұрғыдан қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың инженерлік жүйелерінің құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 306 Астана Белгіленген Жыл Қазақстан
қаласындағы тәртіппен ішінде Республика.

дипломатиялық мемлекеттік сынның
қалашықтың сараптама мен Сыртқы істер
екінші бекітуден өткен министрлігі
кезектегі жобалық-сметалық
инженерлік құжаттамаға сәйкес
жүйелерінің дипломатиялық
құрылысын қалашықтың екінші
салу кезектегі инженер.
лік жүйелерінің
құрылысын салу:
- сuқұбыры жүйесі
- 2,735 км;
- тұрмыстық кәріз
- 2,966 км;
- суқашыртқы кәріз
- 6,39 км;
- трансформатор
кішістанциялары -
2 дана;
- жобалық-сметалық
құжаттамаларға
сәйкес басқа да
жұмыстар.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес дипломатиялық қалашықтың инженерлік жүйелері мен инфрақұрылымын салу жөніндегі жұмыстардың жобалық құнының 83% орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
92-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ақпараттық жүйесін қостау"**
**500 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5000 мың теңге (бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 "Қазақстан Республикасының 2000-2003 жылдарға арналған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жоспары туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы N 1578 "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Орталық аппаратының ақпараттық жүйесін ілеспелеу, нығайту және есептік желісі жүйесінің қауіпсіздігін, техникалық және жүйелік қызметін, сонымен бірге ұйымдық құралдарды қосымша бөлшектермен, тұтыну материалдарымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпарат жүйесінің ілеспелігін, ұйымдық техниканы жүйелі-техникалық қызметтен өткізу, ақпараттық есептік желінің, қауіпсіздігін қамтамасыз ету оның ішінде жабық ақпаратты өңдеу кезінде, қосалқы бөлшектермен тұтыну материалдарымен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы

!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!

!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !

! !коды! ! іс-шаралар ! !

-------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1. 500 Қазақстан 1. Ұйымдық техни. Жыл Қазақстан

Республикасы касының және ішінде Республика.

Сыртқы істер локалды-есептегіш сының

министрлігі. жел жүйесін Сыртқы істер

нің ақпарат. техникалық және министрлігі

тық жүйесін жүйелі түрде

қостау қызмет көрсетуін

қамтамасыз ету:

- компьютерлер

300 дана;
- лазерлік
принтерлер - 252
дана;
көшіргі аспап - 4
дана;
- факсимил аспабы
- 15 дана.
2. Ақпарат жүйе.
сінің ілеспесі:
- электронды пошта
- 50 пайдаланушы;
- интернет - 30
пайдаланушы;
- індетке қарсы
бағдарламасымен
және серверді
қорғау құралымен
қамтамасыз ету.
3. Министрлік
ұйымдық техникаларын
қосалқы бөлшектермен
және тұтыну мате.
риалдарымен қамтамасыз
ету.
4. Информациялық
технологияға
мақсатты үйрету -
2 тыңдаушы.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Сыртқы істер министрлігінде есептегіш желін ақпараттық қорғауды құру, ұйымдық техниканың үздіксіз қызмет жасауы, электрондық поштаның тиімді пайдалануына мүмкіндік, Министрлік ақпарат жүйесінің қолданбалы және жүйелі, тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
93-қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін**
**есептегіш және ұйымдастырушылық техникамен қамтамасыз ету"**
**601 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "2000-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" атты N 1578 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ақпараттық материалдардың сапалы өңделуін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратын осы заманғы есептегіш және ұйымдастырушылық техникамен, бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: осы заманғы есептегіш және ұйымдастырушылық техниканы, компьютерлік бағдарламалық өнімдерді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------
Р/с!Баг.!Кіші!Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!баг.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушы
!лама!дар.! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды!лама! атауы ! жөніндегі ! !
! !коды! ! іс-шаралар ! !
-------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------
1. 601 Қазақстан Осы заманғы Жыл Қазақстан
Республика. есептегіш және ішінде Республика.
сының ұйымдастырушылық сының
Сыртқы істер техниканы, Сыртқы істер
министрлігін сондай-ақ бағдар. министрлігі
```

есептегіш ламалық өнімдерді
және ұйымдас. сатып алу:
тырушылық - компьютерлер -
техникамен 20 данаға дейін.
қамтамасыз - мониторлар - 20
ету данаға дейін.
- принтерлер - 10
данаға дейін.
- сканерлер - 5
данаға дейін.
- үздіксіз қуат
беру көздері -
20 данаға дейін.
- желілік сүзгілер
- 20 данаға дейін.
- көшірмелік
аппараттар - 4
данаға дейін.
- факсимильдік
аппараттар - 2
данаға дейін;
- антивирустық және
желілік бағдарла.
малық өнімдер.
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ұйымдастырушылық техниканы жаңғырту, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты қызметінің қалыпты жұмыс істеуі үшін ақпараттық материалдарды сапалы өңдеуді жүзеге асыру жөнінде жағдайлар жасау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК